

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісіндегі
«Nur Otan» партиясы
фракциясының депутаттары

(Ж. Әшімжанов, Ә. Әбсеметова)

2021 жылғы 28 сәуірдегі
№ ДС-162

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Алматы облысындағы петроглифтерді қорғауға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Алматы облысының Кербұлақ ауданында (Арқарлы асуы) табылған петроглифтерді сақтау мәселесі уәкілетті мемлекеттік органдардың бақылауына алынды.

Бүгінгі күні ежелгі петроглифтердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында нақты іс-шаралар қабылдануда. Атап айтқанда, Арқарлы асуында қиыршық тастарды өндірумен айналысатын кәсіпорындарға берілген археологиялық ескерткіштер орналасқан жерлер мемлекеттің иелігіне қайтарылады.

Арқарлы петроглифтерінің заңнамада белгіленген тәртіппен мәртебесі анықталғанға дейін олар тарихи-мәдени мұра объектілерінің алдын-ала есепке алу тізіміне енгізілді. «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес петроглифтердің мәртебесі туралы түпкілікті шешім қабылданғанға дейін олар тарих және мәдениет ескерткіштерімен бірдей қорғалады.

Осыған орай ескерткіштерге қауіп төндіретін жұмыстар тоқтатылған және олардың қорғауға алынғаны туралы тақталар орнатылған.

2021 жылдың сәуір-мамыр айларында Алматы облысының әкімдігі мен Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мамандары Арқарлы петроглифтеріне зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеудің негізінде анықталған ескерткіштерге алдағы уақытта құжаттандыру (паспортизациялау) жұмыстары жүргізіледі. Анықталған ескерткіштерді қорғалуын ұйымдастыру үшін тиісті бюджеттік өтінім әзірленіп, облыс мәслихатының отырысында қарастырылады.

Заңнамада қарастырылған рәсімдер орындалғаннан кейін Арқарлы петроглифтері Алматы облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізіледі.

Мәдениет және спорт министрлігі мен Алматы облысының әкімдігіне Арқарлы петроглифтерін қорғау мәселесін тұрақты бақылауда ұстау тапсырылды.

Е. Тоғжанов

Орындаған: Ә. Тұрғанбаев, 745674